

Р 2005
1234

Сагатбек Медеубекұлы


**ОЮ ХАН
МЕН
ЖОЮ ХАН**

Сагатбек Медеубекұлы

**ОЮ ХАН
И
ЖОЮ ХАН**

Sagatbek Medeubekuly

**OYU KHAN
AND
ZHOYU KHAN**



САГАТБЕК МЕДЕУБЕКУЛЫ

**ОЮ ХАН
МЕН
ЖКОЮ ХАН**

САГАТБЕК МЕДЕУБЕКУЛЫ

**ОЮ ХАН
И
ЖКОЮ ХАН**

SAGATBEK MEDEUBEKULY

**OYU KHAN
AND
ZHOYU KHAN**



Алматы · 2004

ББК 82.3 (2 Қаз)
М 39

Казақстан Республикасының Ақпарат министрлігінің
бағдарламасы бойынша шығарылды

Медеубекұлы С.

- М 39 **Ою хан мен Жою хан:** Балаларға арналған психологиялық-танымдық ертегі. – Алматы: "Балалар әдебиеті". – 2004. 64 бет.

ISBN 9965-650-32-2

Психологиялық-танымдық ертегіге негізделген бұл кітапта балалар ою үлгілерімен етене танысып қана қоймайды, сонымен бірге ұлттық дүниетанымның тарихи тамырынан да хабардар болады. Арнайы берілген тапсырмаларды орындау нәтижесінде өздері де халық өнерін үйренуге қадам жасайды.

Кітап мектепке дейінгі және мектеп жасындағы бұлдіршіндерге, балабақша тәрбиешілеріне, мұғалімдерге, сондай-ақ қазақ халқының ұлттық өнеріне немкетті қарай алмайтын ата-аналарға арналады.


Эта книга, основанная на психологическо-познавательную сказку, дает возможность детям не только познакомиться с образцами орнаментов, а также получить сведения об истории национального мировоззрения. Выполняя специально заданные упражнения, они сами учатся познать особенности народного искусства.

Книга адресована детям дошкольного и школьного возрастов, воспитателям детских садов, учителям, а также родителям, неравнодушным к национальному искусству казахского народа.

This book based on a psychological cognitive fairy tale, enabled children not only to get acquainted with samples of national ornaments, and also to receive a data on a history of national outlook. Carrying out special exercises, they study features of the folk art.

The book addressed to children of preschool and school age, tutors of kindergartens, teachers, and also parents, who do not indifferent to the national art of Kazakh people.

М 4803250202-000
480(05)-04



ББК 82.3 (2 Қаз)

ISBN 9965-650-32-2

000171071

© Медеубекұлы С., 2004

© "Балалар әдебиеті" баспасы, 2004

ОЮ ХАН МЕН ЖОЮ ХАН

*Бұл ертегінің алғашқы нұсқасына өздерінше
тәнімдыш барлау жүргізген американдыш
және германдық педагогтар мен студенттер
оның үлттық сипатына тәнті болып,
тартымдылығына таң қалған да өмірде
болған оқиғаны жеткізу дің озық үлгісі әрі
қазақ халқының әлі зерттелмей
келе жатқан, өзге үлттарда кездесе
бермейтін қасиеттерінің бірі деп таныған.
Шындылығында, кішкентай ғана сыйық немесе
жолақпен сезім жаңғырығын, ой елесін, өмір
құбылысын, нақты оқиғаны бейнелей білуге
ынталандыратындығы өз алдына, адам
қиялына қанат бітіріп, шабытын
шақыратындығымен де бұл ертегі
Сізді де қызықтыратындығы сөзсіз,
қадірлі оқырман.*



ЗАФЕР ЗАФЕР ЗАФЕР ЗАФЕР

Қабырғаға тұтылған тұскиіз бен кілемдегі кестелерге, өрнектерге бір ауық зер салып көріндерші. Қараған сайын ой-қиялдарың оянып, сол ою-өрнектер, бейнелер мен сзызықтар арқылы хас шеберлердің не айтқысы келгенін байқайсындар. Әуел баста бірден дәп баспай, қателесулерің де, түсінбеулерің де мүмкін. Бірақ оған қынжылманндар. Әжелерің мен аталарыңды қомекке шақырындар. Олар сондағы ою-өрнектердің мән-жайын түсіндіріп берумен қатар бәлкім, сендерге мынандай аңыз әңгіме айттар:

...Баяғыда алысқа ұзатылған қызы артында қалған ауылына кестеленген кішігірім беторамалды керуеншілерден сәлемдеме ретінде беріп жібереді. Орамалдың бетінде ұшқан құс пен жаңа бүршік атып келе жатқан гүл бейнеленіпті. Мұны көрген ата-анасы:

— Е-е, қызымыз әуедегі құстай емін-еркін, жайрандал өмір сүріп жүр екен, — деп мәз болысады.

Бір-екі жыл өткен соң керуеншілер әлгі қыздан тағы бір беторамал әкеледі. Онда орамалдың жиегі бүрмеленіп, ортасына түрегеліп түрган ер адам мен жүресінен отырған әйелдің бейнесі және сабы сынған қамшы кестеленіпті. Мұны көрген ата-анасы:

— Қызымыз бұрынғы күйеуінен, сауық-сайраннан, бас бостандығынан айырылып, торға түскен торғайдай болышты, бейшараның кейінгі күйеуі қатал адам екен. Өзінен төмен ұстайтын көрінеді, — деп қынжылыпты.

Көрдіңдер ме, балалар, әр кестенің астарында алуан мағына бар екен. "Біз де матада кестелеп, киізге оюлап, кілемге өрнектеп, былғарыға бедерлеп, қаңылтырға шекімелеп, ағашқа оймыштап, тасқа бәдіздел астарлы хат жазуды үйренсек болар еді", — деп армандауларың да мүмкін... Сол арманға жету үшін қазақ оюлары туралы ертегі-аңыздарды есте сақтап, жыр, тақпақ, өлең жаттап, солар жайлы жазылған кітаптарды оқып жүрсендер, өздеріне беймәлім жұмбақтарға қанық боласындар.

Ою-өрнек жөнінде тек біліп қою аз, әрине. Сендердің осы бастан ою ойып, өрнек сзыуды үйренгендерің де абзал.

Іске сәт, достар!

ЗАФЕР ЗАФЕР ЗАФЕР ЗАФЕР

E

ртеде бір өділ хан болыпты. Соның жарлығы бойынша қол астындағы халықтың оюлау, өрнектеу, кестелеу, бедерлеу, тоқу, бәдіздеу, тігу, шекімелейу, құю, лажылау өнерлерін меңгергені соншалық, үйлерінің іші-сырты, киім-кешектері, күнделікті қолданатын бұйымдары мен саймандары түгелдей оюланып, өрнектелген әдемі әрі көркем екен. Тағы таңданарлығы – олар бір-бірімен ою тілінде сөйлесе алатын болыпты. Сондықтан да хан – Ою хан атандып кетіпти.

Күндердің бір күнінде діні бөлек, бөтен елдің ханы соғыс ашып, Ою ханды тағынан түсіріп, зынданға салып, билікті өзі жүргізіпті. Ол ескі салт, көне дәстүр, байырғы әдет, бұрынғы әдеп, ежелгі өнер, бұған дейінгі мәдениет мұраларының бәрін жойып, жаңаша құрмақ болыпты. Бірақ ескі оюдың орнына жаңа ою таба алмапты. Жаңа дегенінің бәрі ұзаққа бармай, ұмыт бола беріпті. Бұрынғы өнердің мәні кетіп, сол өнерді жасаушы шеберлер азайып, біртіндеп жоғалуға айналыпты.

– Да, хан ием! Мына райыңыздан қайтыңыз, теріс жолмен кетіп бара жатырсыз, – деп, жөн айтқанның да, айтпақ болғандың да, тіпті ондай адамдармен пікірлес болғандардың да көзін жоюға тырысыпты.


Сондықтан да оны халық Жою хан деп атапты.

Бұл кезде зынданда жатқан Ою хан жағдайдың бәрін естіп-біліп, ел билеушіге мынадай ою-хат жолдайды:




Одан Жою хан:


– Хан ием, сен қазір ұлкен күш иесі болып отырсың:




Екі иығында қолдаушы екі әбжыланың бар:




Сен өз басыңды ойлап, өз дәuletінмен шектеліп қалған жансың:



Күндердің күнінде сенің хандығын да, өзің де құбыжыққа айналасындар, – деген сөздерді оқиды:




Әйтсе де, ол хаттағы сөздерді қаперіне алмай, өз білгенін істей береді. Бұрынғысынша халықты шөміштен қағып, аштыққа ұрындырады. Адамдар қырылады. Ою хан шыдай алмай, тағы да ою-хат жолдайды:




Жою хан бұл хаттардың астарында:


"Қырылған халық рухы ажал құсына... айналып, сенің төбенде отыр:



Ал сенің көз алдында өлген адамдардың етін қарға, құзғын шоқып жеуде.



Бүйте берсөң, ажал құсына жем болсын", –



деген аңы шындық айтылғанын түсінеді. Түсінсе де, түсінбеген болады.



Бір күні жалғыз ұлы саятқа шығып, аң атаулының еті мен терісіне қарық болмаққа аттанады. Ол ойына алғанын істеп, аңдарды қырып-жойып келе жатқанда, бір үкі мұның бетіне шапшиды. Бала жанталаса қорғанып ұлгергенше, үкі оның екі көзін сыйып жібереді.

Су қаранды соқыр болып, тентіреп келе жатқанында, бір жардың басынан құлап өледі.

Бұл кезде Жою хан баласына іздеу салып жатқан еді.

— Кімде кім баламның өлімін естіртер болса, соның басын аламын, — деп жарлық берген соң, ешкімнің батылы бармайды.

Мұны естіген Ою хан баланы іздеуге өзінің барғысы келеттінін хабарлайды. Жою хан оны зынданнан шығарып, жолға аттандырады. Ою хан дәрі-дәрмегін, құрал-сайманын алыш, орманды аралап келе жатып, бір тастың астынан: "Жойылсын, Жою хан!" — деп қиналған дауысты, естиді. Тасты көтеріп қалса, оқ тиіп, жамбасы қираған, сұртышқан жатады. Ою хан дереу жамбасын таңып, дәрі жағып, жөніне жібереді.

Ою хан жолында кезіккен жаралы аң-құстың бәрін емдеп, дәрі береді. Қанаты сынған үкіні емдеп тұрып:


— Орманнан Жою ханың баласын көрдің бе? — деп сұрайды.

— Қаныпезер хан баласы жолында кезіккен сұртышқанды, арқарды, бұғыны, қодасты, жолбарысты жаралап, балықты құрғаққа тастанап, бәрін қайта айналып келіп, сойып алмақ болғанда, мен оның екі көзін шығарып жібердім. Өйткені ол жаралағаның бәрі Сен еккен орманның ең соңғы андары еді. Хан баласы қазір көл түбінде өліп жатыр, — дейді үкі.

Болған жайдың шындығына көзі жеткен Ою хан үйіне қайтып келгеннен кейін, оқиғаның желісін сырмақ бетіне түсіреді де, өлгі сырмақты Жою ханға алыш жүреді. Мұны көрген аш-жалаңаш халық оның соңынан ереді. Хан сарайына келген соң, Ою хан сырмақты Жою ханың алдына жайып тастайды...

Сырмақтың оюы көз жауын алардай көрікті, бояулары адам жанын баурап алатын сиқырлы болады:






Жою хан сымбактың оюына қарап, ойланып ұзак отырып, ондағы оқиғаны іштей байлайша тарқатады:


– Балам биік-биік тауларды...  асып, терен-терен сулардан...  өтіп, қалың жыныс орманды...  аралап, күндіз... О де, тунде...  де талмай көп жол  жүрген екен...

Жүрген жолында үшқан құстармен де беттесіпті:




бұғы кездесіпті:


Тау тағысы арқар да жолығыпты:



Алдынан қодас шыққан көрінеді:




Сорлы балам жолбарыспен де арпалысыпты:




Ол өзен,  көлден  өтіп,

балыққа да ұшырасыпты:




Жорғалаған сұртышқандар да қарсы келгенге үқсайды:



Қайран ұлым... алып қүштің иесі екеніңді аңдарға көрсеткенше, ел ішіндегі дүшпандарыңа неге көрсетпедің? Тірімісің, өлімісің?

Тоқта, мына ою не деп тұр? "Балаң екіге бөлінді – жаны рухқа, тәні аруаққа айналды" деп тұр ма?



Кенет Жою хан орнынан атып тұрып:

– О, жалған! Менің жалғыз ұлым шынымен өлген екен? Өлтірем!!! – деп қылышын сурып алып, Ою ханға төнеді. Сонда Ою хан:

– Дат, тақсыр! Сенің "кімде кім баламның өлімін естіртсе, соның басын аламын", деген жарлығың бар емес пе еді? – дейді.

– Иә, бар! – дейді қаһарлы хан.

– Ендеше, балаңның өлгенін мен де, мына халық та сенің өз аузыңнан естіп тұрмыз. "Ханның екі айтқаны – өлгені".


Алынса, сенің басың алынуы керек, – дейді Ою хан саспай. Бүкіл халық оны қолпаштай жөнеледі. Сөйтіп, Жою ханның өз жарлығы өзінің басын алуға себепкер болыпты.

Ою ханды ел-жұртты ақ киізге отыргызып хан көтеріп, ақ ордаға кіргізіп, ақ түйе сойып, ұлан-асыр той жасапты.


Көп ұзамай ел еңесін көтеріп, байырғы өнерін қайта жандандыра бастапты.

Осымен, балалар, Ою хан мен Жою хан жөніндегі бір ертегі аяқталды. Енді өздерің де ертегінің желісі бойынша ою ойып, болмаса оюға қарап ертегі құрастырындар. Келіндер, байқап көрейік.


Әуелі төрт бұрышты
қағаз алындар ...




Оны ортасынан бір
бүктендер ...



Мұны тағы бір
бүктендер ...




Енді осы төрт бүктелген
қағаздың бетіне мынадай ою
сызындар:



Сызықтың бойымен қайшымен ойып алындар да, тұсті
қағаздың бетіне желімдендер.



Енді бір сэт оюдағы түр мен өрнекке, олардың бір-бірімен
қысысуына, үйлесуіне назар аударындар:





Ертегідегі Ою ханның жолдаған хаттарын Жою ханның қалай оқығаны естерінде ме?

Қанеки, осы ойған оюларыңнан сол ертегіге қатысты мағына іздел көріндерші. Әуелі оюдың әр бөлігінен белгілі бір адам, аң, құс, жан-жануар сұлбасын іздестіріндер:


Жан-жағына сергек қарап, інінің аузында түрған суыр:



Катарласа көкке өрлей қанат қаққан қос көгершін:



Бәйгеден озып келе жатқан, болмаса ойқастап
жүрген сәйгүлік:



Ағаш басына өрмелеген күзен:




Жаңғақ шаққан ақ тиын.



Әрі қарай өздерің тауып, сол бейнелердің қымыл-қозғалысы
негізінде әңгіме не болмаса ертегі құрастырып көріндер.

Одан әрі өз беттеріңмен ойып, мағынасын ашу үшін төмендегі оюды қосымша тапсырма ретінде ұсынамыз:



БАЛАЛАР!

**Ата-аналарыңың назарына төмөндегі
кітаптар мен журналдарды ұсынамыз. Осы материалдар
арқылы олар сендерге қазақ халқының үлттық дәстүрі¹
туралы оюлау, өрнектеу, кестелеу, тоқу, бедерлеу,
шекімелдеу, оймыштау, бәдіздеу, лажылау өнерлері туралы
мазмұнды әңгіме айтып бере алады деп сенеміз.**

1. Арғынбаев Х. Қазақ халқының қол өнері. Алматы. "Өнер", 1987.
2. Клодт Е.А. Қазақ халқының ою-өрнегі.
Суретші Е.А. Клодтың сызбалары. Мәскеу, "Искусство",
1939. (Орыс тілінде).
3. Қазақ киім-кешегінің альбомы. Алматы, 1958. (Орыс тілінде).
4. Қазақ ою-өрнегі. Алматы, 1958. (Орыс тілінде).
5. Марғұлан Ә.Х. Қазақ халқының қол өнері. Алматы, "Өнер",
1986, I том.
6. Нұрмухамедов Н.Б. Қазақстан өнері. (Альбом). Мәскеу, 1970.
(Орыс тілінде).
7. Оразбаева Н.А. Қазақ халқының қол енері. Ленинград, 1970.
8. Тәжімуратов Ә.Шебердің қолы ортақ. Алматы, "Қазақстан", 1977.
9. Төленбаев С. Ою. Алматы, "Өнер", 1989.
10. Төлебиев Ә. Сурет сала білесің бе? Алматы, "Өнер", 1990.
11. Шоқпарұлы Ә. Жігітке жетпіс өнер де аз. "Пионер" журналы, 1982.

**Ою-өрнек тілін тереңірек түсіну үшін жоғарыда
атаған ғылыми-танымдық кітаптар мен журналдарды
пайдаланумен қатар, қазақтың ертегі, аңыз,
әңгімелерін де көп оқып, жиі тыңдаған
пайдалы екені естерінде болсын.**